**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының**
**Бейімбет Майлин ауданы білім бөлімінің**
**«Сапар Ерғалиев атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ**

**Келісемін:** **Бекітемін:**

БТЖО: Кабылдина М.Д. Басшы: Коскадамова Т.Ш.
«26» 08 2025 жыл «26» 08 2025 жыл

# «Жастар» дебат клубының жылдық жұмыс жоспары

**Жетекшісі: Сапабекова А.С.**

Әйет ауылы, 2025 жыл

## Мазмұны

«Дебат қозғалысы – жаңа заман талабы» - білім беру бағдарламасы білімнің гуманитарлық жүйесін нақты көздейтін жаңа бағыттағы үйірме. Оқушылар мен ұстаздарды да пікір-сайыстарға араластыруға, өз бетімен ізденуге, білім алу және жалпы шығармашылық белсенділігін арттыруға көзделген. Пікір-сайыстарға дайындық барысында оқушылар белгілі – бір тақырып бойынша мәлімет жинастырып, оларды қарама – қарсы бағыттарды қолдайтын екі түрлі позицияға арналған жоспарға топтастырылады. Жас пікірсайысшылар ең танымал және көп таралған АПФ (Американдық Парламенттік Форматы) форматында ойнайды. Олар жақтау және даттау топтарының кейстері. Осының нәтижесінде оқушылар кез-келген мәселеге біржақты көзқараста болудан арылып, терең, сын тұрғысынан оқушыларды, сонымен қатар парламент мүшелерін (класс оқушыларын) бөлудің әртүрлі жолдарын қарастыруға болады. Мысалы: психологиялық тренинг, сергіту, ойын элементтері арқылы, екінші СТО элементі жуан, жіңішке стартегиясы арқылы сұрақ жетегімен бөлуге болады. Жалпы пікір- талас, талқылау, дискуссия, диалог, бір мәселені көпшіліктің талқысына салу ақиқатқа жетудің ең кең тараған және оң нәтиже бере алатын формасы болып табылады. Алайда бұның да өз қыр-сырлары көп. Ең алдымен ол пікір-сайыстыратын мәселенің күрделілігі, кез-келген мәселе бойынша біріміз ақиқат деп білетін нәрсе басқаға мүлде олай емес.

Пікір – талас барысында адамдар ортақ мәселе жайлы өз пікірлерін ортаға салады, олардың әр түрлі болуы заңды, пікір сайыстар арқылы тараптар ой бөлуге, өз көзқарастарының кемшіліктерін ашып, оларды ұштауға, кемелдендіруге мүмкіндік алады. Қысқасы, ақиқаттың ең озық таразысы көзқарастар бәсекесі. Пікір-сайыс логикалық, психологиялық, адамгершілік және көптеген басқа аспектілерді қамтиды.Үлкен додалар өткізіп, оқушылардың лидерлерін анықтауға тигізер септігі бар.

Дебаттық жұмыс барысында оқушылар түрлі форматтағы пікірсайысқа қатысады (Британдық парламенттік, Линкольн-Дуглас, АПФ). Әлеуметтік, экологиялық, мәдени, құқықтық және оқу-тәрбие бағытындағы тақырыптар қозғалып, оларды екіжақты талдауға мүмкіндік беріледі.

Оқушылар аргумент құру, қарсы пікір айту, қорытынды жасау, сөйлеу мәдениетін сақтау, аудитория алдында өзін ұстау сияқты маңызды дағдыларды меңгереді.

**Мақсаты**:
- Оқушылардың сыни ойлау қабілетін, сөз мәдениетін және еркін сөйлеу дағдысын дамыту;
- Қоғамдық мәселелерге өз көзқарасын білдіруге үйрету;
- Көшбасшылық пен топта жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;
- Оқушылардың сыни ойлауын, шешендік қабілетін, азаматтық көзқарасын және өз ойын еркін, дәлелмен жеткізу дағдыларын қалыптастыру.

**Міндеттері:**

- Пікірталас форматын меңгерту
- Сөйлеу мәдениетін, риторика негіздерін үйрету
- Дәлел келтіру, қарсы пікір білдіру дағдыларын дамыту
- Пікірталас жүргізудің негізгі форматтарын меңгерту
- Тақырып бойынша аргумент келтіре білуге үйрету
- Қарсы пікірді тыңдай алу, сабырмен жауап қайтаруға тәрбиелеу
- Көшбасшылық, топпен жұмыс, тыңдай білу дағдыларын дамыту
- Оқушыларды қоғамдық белсенділікке ынталандыру

**Қолданылатын әдістер:**
- Жаттығу ойындары (қарсы аргумент, жылдам ой айту)
- Миға шабуыл, «Fishbowl», «Speed-debate»
- Турнирге дайындық сессиялары

**Күтілетін нәтиже:**
- Оқушылар өз ойын еркін жеткізе алады
- Қарсы пікірді тыңдап, құрметпен жауап береді
- Топта жұмыс істейді, көшбасшылық қабілеті дамиды
- Оқушылар қоғамдық пікір айтуда сенімділік танытады
- Ойлау, талдау, дәлелдеу қабілеттері артады
- Өзіндік көзқарас қалыптасады
- Қазақ тілінде шешен сөйлей алады
- Өзгенің ойын тыңдай алу және құрметтеуді үйренеді

**Өткізу форматы: аптасына 1 рет, 45 минут**

- 10 мин – теориялық бөлім

- 15 мин – топтық жұмыс / жаттығу

- 15 мин – шағын пікірталас / ой бөлісу

- 5 мин – кері байланыс

**Мүшелері:**

1. Сансызбай Нұрайым 9 сынып
2. Адилова Ұлжан 9 сынып
3. Джуманиязова Айткул 10 сынып
4. Жетпейсова Айзада 9 сынып
5. Бектасова Сапура 10 сынып
6. Жумабек Қарқат 10 сынып
7. Жетпейсова Әминә 10 сынып
8. Сәрсенбай Маржан 8 сынып
9. Юсупова Гаухар 6 сынып
10. Сәрсенбай Айым 7-сынып
11. Сәукен Айару 7-сынып
12. Берік Айару 7-сынып
13. Ғабдолла Әлия 7-сынып
14. Қорған Гүласылым 7-сынып
15. Билисбаева Адия 11-сынып

«Бекітемін»
«Сапар Ерғалиев ЖББМ»КММ
Басшы: Т.Ш.Коскадамова

« » ____________ 2025 жыл

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Бейімбет Майлин ауданы білім бөлімінің
Сапар Ерғалинв атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ – сі бойынша
«Ұшқыр ой алаңы» дебаттық қозғалысын жүзеге асыру жөніндегі
2025 – 2026 оқу жылына арналған
**«Жастар» дебат клубының жоспары**

| № | *Жұмыс мазмұны* | **Мерзімі** | **Жауапты** |
|---|---|---|---|
| 1 | Жаңадан қосылған клуб мүшелерін дебат ережелерімен таныстыру. | қыркүйек | Сапабекова А.С. |
| 2 | Дебат клубының отырысы. Дебат деген не? Форматтармен танысу (БП, ЛД, АПФ) \| Оқушыларға пікірсайыстың құрылымы мен түрлерін түсіндіру | | Сапабекова А.С. |
| 3 | “Аргумент пен қарсы аргумент” "3 дәлел" ережесі \| Логикалық ойлауды дамыту, дәлелмен сөйлеуге үйрету\| | | Сапабекова А.С. |
| 4 | «Дебат негіздері мен алғашқы тәжірибе» | қазан | Сапабекова А.С. |
| 5 | «Мектеп формасы: қажет пе, жоқ па?» (жаттығу дебаты) \| Тақырыпқа сәйкес ой айту, топпен жұмыс істеу. | | Сапабекова А.С. |
| 6 | «Қазақ тілінің болашағы» \| Ұлттық құндылықты қорғау, логикалық ойлау | қараша | Сапабекова А.С. |
| 7 | Шешендік өнер апталығы. «Жетелі сөз – ерге сән» \| Дикция, мәнерлі сөйлеуді жетілдіру | желтоқсан | Сапабекова А.С. |
| 8 | Дебат форматы мен құрылымын үйрену: «ВР, ЛД, АПФ» \| Пікірсайыс құрылымымен танысу | қаңтар | Сапабекова А.С. |
| 9 | «Ұялы телефон – оқу процесіне зиян ба?» \| Актуалды тақырыптармен жұмыс | ақпан | Сапабекова А.С. |
| 10 | Турнирге дайындық. Ішкі іріктеу \| Жаттығу, спикер рөлін бөлу \| | наурыз | Сапабекова А.С. |
| 11 | Мектепішілік дебат турнирі \| Білімдерін іс жүзінде көрсету \| | сәуір | Сапабекова А.С. |
| 12 | Қорытынды. Жылдық есеп, марапаттау, кері байланыс \| Үйірме нәтижесін талдау, рефлексия | мамыр | Сапабекова А.С. |
| 13 | «Үздік топ» жылдық қорытындылау | | Сапабекова А.С. |
| 14 | Қалалық, аудандық, облыстық дебат клубтарымен, орталықтарымен шығармашылық байланыста болу. | маусым үнемі | Жетекшілер |
| 15 | Қалалық, аудандық, облыстық, аймақтық дебат турнирлеріне қатысу | жоспар бойынша | дебатшылар |

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Бейімбет Майлин ауданы білім бөлімінің
Сапар Ерғалинв атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ – сі бойынша
«Ұшқыр ой алаңы» дебаттық қозғалысын жүзеге асыру жөніндегі
2025 – 2026 оқу жылына арналған
**«Жастар» дебат клубының жоспары**

| № | Тақырыбы | Сағат саны | Бағыты | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| | | **І-тоқсан** | | |
| 1 | Дебат клубының отырысы. Дебат деген не? Форматтармен танысу (БП, ЛД, АПФ) \| Оқушыларға пікірсайыстың құрылымы мен түрлерін түсіндіру. | 1 | Ұйымдастыру, тұлғалық даму | 02.09.2025 |
| 2 | Ереже құру. Командалық ойындар. | 1 | Ұжымдық жұмыс | 04 |
| 3 | “Адамды орта қалыптастырады ма, әлде, туа біткен қасиет пе?” пікірталас | 1 | Жұптық жұмыс | 09 |
| 4 | “Мен өз елімнің патриотымын!” | 1 | Азаматтық-патриоттық тәрбие | 11 |
| 5 | “Туған жерім-тұғырым” бейнеролик талдау. | 1 | Отанға сүйіспеншілік | 16 |
| 6 | “Тәртіп еркіндіктен маңызды ма?” әңгіме-дебат | 1 | Тәртіпке бағыну | 18 |
| 7 | “Денсаулық- зор байлық” тренингі | 1 | Салауатты өмір салты | 23 |
| 8 | “Достық пен сыйластық рөлдік ойындар | 1 | Рухани - адамгершілік | 25 |
| 9 | “Қазіргі жастар рухани құндылықтардан алыстап бара ма?” пікірталас | 1 | Адами - құндылықтар | 30 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10 | "Қауіпсіз интернет" әңгіме-дәріс | 1 | Цифрлық мәдениет | 02.10 |
| 11 | "Өзін-өзі дамыту сәнге айналды ма, әлде қажеттілік пе?" ой-қозғау | 1 | Рухани адамгершілік | 07 |
| 12 | "Мейірімді болу ерлік" (әңгіме, сурет салу) | 1 | Адамгершілік | 09 |
| 13 | "Алтын күз" шығармашылық байқауы | 1 | Эстетикалық тәрбие | 14 |
| 14 | "Табиғатты қорғау -әр адамның парызы ма, әлде мемлекеттің міндеті ме?" постер | 1 | Экологиялық тәрбие | 16 |
| 15 | "Қалалық өмір ауылдық өмірден артық па?" пікірталас | 1 | Рухани - адамгершілік | 21 |
| 16 | "Ата-аналар балалар өміріне қаншалықты араласу керек?" әңгіме-дебат | 1 | Адамгершік | 23 |
| **II-тоқсан** | | | | |
| 1 | "Тәртіп пен жауапкершілік" тренингі | 1 | Мінез-құлық мәдениеті | 04.11 |
| 2 | "Жақсылық жаса!" акциясы | 1 | Мейірімділік, достық қарым-қатынас орнату | 06 |
| 3 | "Сыйластық пен сенім" тренингі | 1 | Қарым-қатынасты жақсарту | 11 |
| 4 | "Қауіпсіз интернет" жоба жасау | 1 | Кибермәдениетті арттыру | 13 |
| 5 | "Мамандық әлеміне саяхат" | 1 | Кәсіби бағдар | 18 |
| 6 | "Зиянды әрекеттер деген не?" әңгіме | 1 | Денсаулық | 20 |
| 7 | "Кітап оқу керек пе?" жұптық жұмыс | 1 | Рухани тәрбие | 25 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8-9 | “Тәуелсіз Қазақстан - менің мақтанышым!” шығармашылық жұмыстар | 2 | Патриоттық тәрбие | 27- 02.12 |
| 10-11 | “Жыл соңына дейінгі мақсаттар” жобалар қорғау | 2 | Өзін-өзі бағалау | 04- 09 |
| 12 | “Көшбасшы болғым келеді” тренингі | 1 | Өз пікірін қорғау | 11 |
| 13 | “Отбасы құндылықтары” пікірталас | 1 | Адами - құндылықтар | 11 (қ.) |
| 14 | «Мектеп формасы: қажет пе, жоқ па?» (жаттығу дебаты) \| Тақырыпқа сәйкес ой айту, топпен жұмыс істеу. | 1 | Мектеп әдебі | 18 |
| 15 | “Қауіпсіздік ережелері- өмір кілті” әңгіме | 1 | Өмір қауіпсіздігі | 23 |
| 16 | “Аргумент пен қарсы аргумент” "3 дәлел" ережесі \| Логикалық ойлауды дамыту, дәлелмен сөйлеуге үйрету\| | 1 | Сөйлеу мәдениеті | 25 |